

ӘОЖ 811.512.122

СҰХБАТТАҒЫ ОККАЗИОНАЛ СӨЗДЕР

Нүсіпбек Маржан Ерланқызы

marzhannusipbek@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - профессоры м.а., ф.ғ.к Ахметова Маржан Кәкімқызы

Қазіргі кезде кез келген тіл құбылысын анықтау үшін жасалған прагмалингвистикалық қадамдар адам факторын, оның әрекетін, сөйлеу мәнерін негізге ала бастады. Сондықтан мәтіннен гөрі ондағы қарым-қатынас жасаушылардың сөйлеу әрекетіне баса назар аударылды. Нәтижесінде әңгімеге қатысушы тұлғалардың сөйлеу мінез-құлығы зерттелді. Сонымен қатар, сұхбат диалог арқылы жүзеге асатындықтан оған қатысушылардың сөйлеу әрекетін, паргмастилистикалық ерекшеліктерін анықтауда сұрақтар кешені, олардың қандай мақсатта қойылғаны, ниеті қандай екені, сұхбат берушінің жауап берудегі іс-әрекеті қарастырылды. Әрі сөйлеу әрекеті белсенді зерттеле бастағалы бері тіл біліміндегі жаңа бағыттар диалог мәселелерін зерттеуге көп көңіл бөле бастады. Диалогты модельдеу, оның типологиясы, коммуникативті стратегияны ұйымдастыру, диалогтағы тұлғаралық қатынас

аспектілерінің ерекшелігі, диалогтік дискурста айтылатын сөздердің тіркесу заңдылықтары сынды мәселелер назарға алынды. Соның ішінде окказионал тілдік бірліктердің паргмастистикалық ерекшелігін анықтау біздің зерттеуімізге арқау болып отыр.

Окказионализм дегеніміз – қолданыстағы тілді жаңа сөздермен, жаңа мағынамен, жаңа тіркестермен байыту. Тілде сөздік қордың көбеюі – сол тілдің дамуын көрсетеді. Сондай-ақ жаңа лексикалық бірліктердің пайда болуы объективті көзқарасты өзгертіп, адамдардың әлеуметтік белсендігін арттырады және оның санасына жаңа ақпараттарды сіңіреді. Сол арқылы адресант пен адресат арасында жаңа диалог орнап, бір-бірінің әрекетін түсінуге тырысады.

Осыдан кейін де тіл білімі окказионал немесе «жаңа сөздердің» құрылымына, семантикасына, қарым-қатынастағы ықпалына, үлкен мән берді. Зерттеушілерді алдымен окказионал сөздердің пайда болу тәсілдерінің ерекшелігі қызықтырды. Қарастырылып отырған бірліктердің бұған дейін қалыптаса қоймаған жаңа мағынасын ашуға тырысты. Ондағы ерекше қолданыстар мен формалар, жұмбақ мағыналар тек зерттеушілердің ғана емес, оқырмандардың да назарын аударды. Окказионализмнің көпшілік жиі қолданатын басқа сөздерден ажыратып тұратын тағы бір ерекшелігі – оның жиі ұшырай бермеуінде. Яғни оның поэтикалық функциясы жоғары деуге болады. Белгілі бір ортада, коммуникация кезінде тек адресат немесе адресант қолданатын нормалана қоймаған, бірақ стилистикалық реңкі бар тілдік бірлік.

Окказионал сөздерге кеңірек тоқталар болсақ, бұл тілде қалыптасқан лексикалық бірліктердің бұзылуы емес, керісінше, тілдік тұлғаның әдеби нормадан ауытқымаған «сөз шығармашылығы» немесе жаңа қолданыстар. Яғни окказионал сөздерді жасаушы тілдік тұлғаның сөзжасамдық қабілеті тілдік норманы сақтауға тырысады. Оның сөйлеу әрекеті прагматикаға және эстетикаға негізделген-негізделмегені, коммуникативті нормаға сәйкес келетін тілдік бірліктерді қолданған-қолданбағаны ескеріледі.

Қазақ тіл білімі зерттеушілері көбіне ақын-жазушылардың окказионал қолданыстарын зерттеген. Мысалы Л.Еспекова Қ.Мырзалиев шығармаларындағы окказионализмдерді, А.Бейсенбай Ә.Кекілбаев шығармашылығындағы окказионал қолданыстарды, Ғ.Тұрабаева мақал-мәтелдердің окказионалдану құбылысын зерттесе, Г.Мұратова қазақ көркем әдебиетіндегі окказионал сөздерді, Ж.Абдрахманова қазіргі қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдерді зерттеген. Окказионал сөздерді әр ғалым әр түрлі атайды. Мысалы тосын сөздер, бірқолданым сөздер, кездейсоқ сөздер, окказионал сөздер, окказионализмдер т.б. Алайда ғалымдардың ғылыми анықтамасы ұқсас. Негізі окказионализмдер жоғарыда айтып өткендей, әдеби нормаға айнала қоймаған, белгілі бір жазушы немесе өнер иесінің шығармасында немесе адресанттың сөйлеу әрекетінде ғана кездесетін ерекше тілдік бірліктер. Г.Мұратова «Қазақ көркем әдебиетіндегі окказионал сөздер» атты еңбегінде окказионализмдер сыртқы формасына, жасалу тәсіліне қарай тіл нормасына үйлеспей жасалатынын айтады. Оның пікірінше, окказионализмдердің мағынасы контекспен тығыз бірлікте әрі үнемі экспрессивті бояу-реңкте болады [1,15]. Қ.Мырзалиевтің шығармаларындағы окказионал сөздерді зерттеген Л.Еспекованың окказионал сөздерге берген анықтамасы мынадай: «Окказионализмдердің пайда болу себептері автордың «мақсатты ойына» негізделген. Жаңа сөз, тың тіркестердің жасалу тәсілі 12 ғасырдан басталса, қазіргі өлеңдердегі окказионализмдер сол тәсілдің жалғасы. Сол дәстүр жалғасы болса да әрбір қолданыстың өзіндік жаңалығы – авторлық ізденістердің жемісі болып табылады»[2, 152]. Бұдан бұрын окказионал тілдік бірліктер ақын-жазушылардың шығармасында, өлеңінде кездесе, қазіргі кезде публицистикада, сатирада, қоғамдық тілдесулерде, жиналыстарда да қолданылып жүр. Шешендердің окказионал сөздері қалыпты тілдік нормаға аса сәйкес келмегенімен, жаңа стилистикалық оралымдардың қалыптасуына негіз болды. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы окказионал қолданыстарды зерттеген А.Бейсенбай окказионал қолданыстардың жаңа құбылыстар мен заттарды атап, қайталамаларды жойып, сөз мағынасына жаңа бояу қосатынын айтады. Сондай-ақ, тілдегі бейнелеуіш құралдардың құрамын кеңейтіп жазушының шеберлігін, тілге деген

жауапкершілігін көрсетуге мүмкіндік беретін тілдік бірліктер екенін ескере отырып, былай анықтайды: «Окказионализмдер дегеніміз – стильдік мақсатпен туындайтын әдеби тілімізге кіру қабілеті шектеулі, мағынасы жағынан мәнмәтінге байлаулы, жасалуы жағынан тіл заңдылықтарына үйлесе де, үйлеспей де келетін, үнемі жаңашылдығымен ерекшеленетін, белгілі бір әдеби-эстетикалық, идеялық мақсатты көздеуден туған қолданыстар» [3, 7].

З.Сагадиева «Окказионал сөздер интерпретациясына негіз болатын факторлар» атты мақаласында тіл деректерінің және аялық білім мен мәнмәтінде тіл деректердің пайдаланылуына қарай окказионализмдерді үш топқа жіктейді. Біріншісі – «айқын» окказионализмдер. Мұны мәнмәтіннен тыс түсіндіруге де болады. Себебі оның құраушы бөліктері семантикалық мазмұны жайлы ақпаратты береді. Екіншісі – мәнмәтінді окказионализмдер. Бұлардың прагматикалық және семантикалық маңызы тек мәнмәтін арқылы анықталады. Үшіншісі – мәдени шарттас окказионализмдер. Бұларды құраушы компоненттер арасындағы қарым-қатынас ешқандай мағына бермейді, олардың интерпретациясы тілден тыс «аялық білім» негізінде жасалады [4, 516].

Окказионал сөздердің ассоциативті өрісі тар және көркем әрі бейнелеуіш мәнде келетінін айта кеткен жөн. Мұны зерттеуші А.Бейсенбай былай түсіндіреді: «Окказионал қолданыстардың тағы бір қасиеті – белгілі бір ұғымға, түсінікке атау беру. Окказионализмдердің эмоциялылығы мен экспрессивті мүмкіндіктері, олардың мәнмәтінге бағыныштылығы ассоциативті өрісінің көлемі бір-біріне тәуелді болып келеді. Көркем мәтінде қолданылатын көркем окказионализмдер – оның бейнелеуіш құралының компоненттері – белгілі бір көркем жағдайында іске асады» [3, 7]. Окказионал сөздер автордың айтар ойын ықшамдап жеткізу тәсілі деген пікірлер де кездеседі. Бұл пікір орынды да. Себебі ойы жинақы әрі оқырманна түсінікті болуы автордың қоғамдағы ықпалын арттыра түседі және сондай ерекше тілдік қолданыстары арқылы есте қалады.

Қазіргі кезде тілдік норма талаптарын сақтай отырып, автордың жеке сөзіне айналған окказионал сөздер бұқаралық ақпарат құралдарында да кездеседі. Әсіресе ток-шоу мен элеуметтік бағдарлама жүргізушілері окказионал сөздерді амандасқанда немесе қоштасқанда ұйқастырып, ерекше екпін беріп айтуды әдетке айналдырған. Кейбір ғалымдар БАҚ-та окказионал сөздер қоғам шындығын астарлап жеткізу мақсатында қолданылатынын айтады. Орыс зерттеушісі Р.Дроздов өзінің «Окказиональное словообразование я языке СМИ» деген мақаласында былай дейді: «БАҚ-тағы окказионалдар арнайы ойлап табылған сөздер және сөйлеушінің шығармашылық белсенді тұлға болуына ықпал етеді». Заманауи тілде «лексикалық инновация» деп атап, оның қоғамда болып жатқан өзгерістерге ықпал ететінін, сол арқылы адресанттың элеуметтік мәртебесі артатынын, үнемі назарда болатынын нақтылайды [5, 93].

Окказионал сөздер зерттеуімізге негіз болып отырған сұхбат жанрында да кездеседі. Оны төмендегі талдаулардан аңғаруға болады. Мысалы экономика ғылымдарының докторы Р.Алшановтың «Қазақ әдебиеті» (24.10.2015 ж.) газетінде жарияланған сұхбаты былай өрбіген: «– *Осы жойқын бәсекеде қазақтың орны қандай? – ...Қазақ бұрыннан бәсекеге қабілетті халық. «Жібек жолы» бойындағы сауданы бақылауда қазақтан асқан бәсекелес ұлт жоқ еді. Кедендегі тамғабасылар керуеншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мойнына алып, керуенбасылар оларға тиісті салығын беріп отырған. Сөйтіп жолдың қауіпсіздігін сақтауда бізбен тең бәсекелес болмап еді.* Бұдан бөлек журналистің: «*Бүгінгі саяси қалпымыз бен экономикалық және рухани-қоғамдық тәуелсіз мінезіміз туралы не айтар едіңіз?*» дейтін тағы бір сұрағы бар. Осында *жойқын бәсеке, тамғабасы және тәуелсіз мінез* деген тіркестер кездеседі және бұның жеке автор қолданысы екені аңғарылады. Мұнда бәсеке экономикада өте жиі қолданылатын термин. Жойқын сөзінің көбіне *жойқын соғыс, жойқын күш* деп тіркесуі жиі қолданылады. Автор болса жойқын бәсеке тіркесін қолдану арқылы «*Қазақстан бәсекеге қабілетті ме?*» деген сұраққа баса назар аударады. Ал *тамғабасы* сөзі атауыштық конструкция, өйткені сөздіктерде кездеспейді. Бірақ *тамға басу* тіркесі бар. «Бабалар сөзінде» бұған «*мөр басу, ен салу, белгі ұру*» деп анықтама берілген [6, 362]. Яғни тамға басу тіркесі субстантивтеніп қолданылған.

Адресат кеденде жұмыс істейтін, қауіпсіздікті қадағалап отыратын адамдарды осылай атауды жөн көрген. Ал мінезге қатысты *мінез көрсету, мінезі ауыр немесе ауыр мінез, жылқы мінез, ер мінез, өр мінез, ит мінез, тоң мінез, тік мінез* сынды тіркестер өте көп. Норма бойынша журналист *тәуелсіз мінездің орнына өр мінез немесе ер мінез* немесе жай ғана *мінез* сөзін қолдануға болар еді. Бірақ журналист сұрақтың мән-мағынасын ашу үшін және сұхбаттың жүйелілігін сақтау мақсатында әрі қазақ халқының тәуелсіздік алғаннан кейін экономикада мінезі қалай өзгергенін сипаттау мақсатында осы тіркесті ұтымды пайдаланып, авторлық окказионализм жасап отыр.

Енді келесі сұхбатқа көшейік. «Егемен Қазақстан» газетінде (24.11.2016 ж.) домбырасын су жаңа көлікке айырбастамай қойған күйші Қ.Айтбаймен сұхбат былай өрбиді: «– Бұл домбыра сіздің қолыңызға қайдан түсті? Кімдікі? Қай жылы жасалған? – Осыдан үш жылдай уақыт бұрын қолыма түсті. Бір күні ауылда тұратын ағам хабарласып, осындай домбыра тауып алдым деді. Дереву алғыздым. Келгенде қарасам, мойны, беттақтайы сыныпты. (...) Қалай екені, бұл **домбыраның сөйлейтініне** еш күмәнім болған жоқ. (...) Содан мен мұны шеберге беріп, **сынығын таңдырдым** ғой. Керемет істеді. Беттақтайын да ауыстырды, онысы енді өте сәтті шықты». Осы сұхбатта автордомбыраны сөйлетіп, **сынығын таңдырады**. Ал қазақ тілінің әдеби нормасы бойынша домбыра күмбірлейді, көмейінен күй төгіледі және жараны таңады, сынықты салдырады. Міне осындай қалыпты қолданыстарды автор домбыраға икемдеп, оған жан бітіріп, сөйлетіп, сынығын таңдырып, тілдік метафора жасап тұр. Журналист осы сұхбатты былай аяқтайды: «Не дейміз, аманышылықта болайық. Сол кеште **қатқан терідей құрысып қалған құлағымызды жіңсітіп, құрышын қандыруға жазсын!**». Адресант «құлақтың құрышын қандыру» узуал тіркесін күрделендіріп, құлағын қатып, құрысып қалған теріге теңеп, көптен бері күй тыңдамай жүргенін сипаттап, ерекше реңк беріп тұр. Мұны А.Бейсенбай тілдегі сөздер табиғи қалпында қолданылып қана қоймай, суреткердің танымдық-логикалық бірлігінің нәтижесінде өңделетінімен түсіндіреді. Олар басқаша реңк пен бояуға ие болу процесінде де қолданылады, кейбіреуі әдеби нормаға енеді, ал кейбір сөздер әдеби нормадан ауытқуы да мүмкін [3, 7].

Кейде окказионал сөздер аударылып та қолданылады. Егер көркем ауларылса, тілге еркін сіңіп, адресатқа түсінікті болады. Мысалы мұндай аударма тіркестер әдебиеттанушы-ғалым Н.Ақыштың «Ана тілі» газетінде жарияланған сұхбатында кездеседі. Журналист сұрағында ғылыми кадрларды дайындаудың үш сатылы жүйесі (бакалавр-магистр-доктор) қабылданғанын еске салып, ғалымдарға қойылатын талап артқанын айта келіп, бұл «ҚР БҒМ-ның үлкен жетістігі емес пе?» деген сұрақ қояды. Сұраққа берілген жауап мынадай: «Бұл еліміздегі ғылым сапасының артуына ықпал етеді деп ойлаймын. Өйткені ғылымда қазір үстірт зерттеулер кебейіп кетті ғой. ...Алдағы уақытта министрліктің аталған мекемесі ғалымдардың диссертация жұмыстарын бекітуде объективті болады деп ойлаймыз. **Күрішті күрмектен ажырата білетін** уақыт келді деп ойлаймын». Осы сөйленістегі күрішті күрмектен ажырату – орыс тіліндегі «отделить зерна от плевел» тіркесінің аудармасы. Осы аударма окказионализмдерді түсіндіруде З.Сагадиева орыс зерттеушісі С.Влаховтың мынадай пікірін келтіреді: «Автордың окказионал сөз жасауы оның сипаттауға тырысып отырған әлем бейнесімен байланысты. Жаңа лексикалық бірліктердің пайда болуы, соның ішінде «окказионал сөздер» оқырманға шығарманың шындығына енуге мүмкіндік береді. Көптеген окказионал сөздер мен сөз тіркестерінің аударылатын тілде сәйкес баламасы жоқ. Аудармашы оларды аударылатын тілде бар сөзбен алмастыруға немесе өзінің «окказионал сөзін» ойлап табуға мәжбүр» [7, 200]. Сұхбатта автор «күрішті күрмектен ажырату керек» тіркесін «бәрін іріктеу керек» деген ойын жеткізу мақсатында қолданып тұр. Сондай-ақ, аталған тіркесті аударма деу себебіміз – қазақ тілінің фразеологиялық сөздіктерінде тіркес кездеспейді, тиісінше ешбір түсіндірме берілмеген.

Қазақтың төл теңгесін жасауға үлес қосқан Ғ.Байназаровтан («Егемен Қазақстан» 12.11.2016 ж) журналист теңге айналымға шықпас бұрын елге қалай жеткізілгенін, оны

тарату жұмысы қалай іске асқанын сұрайды. Сол сұраққа сұхбат беруші: «...*Теңгеміз тығулы жата берді. Жаздың ортасында Ресей өз валютасын енгізді, бұрынғы КСРО шекпенінен шыққан елдер ішінде Қазақстан мен Тәжікстан, Армения ғана бұрынғы ақшамен қалдық*», - деп жауап береді. Осы сұхбатта **КСРО шекпенінен шыққан елдер** деген ерекше окказионал қолданыс бар. Мұнда автор «шекпен» сөзін «құрам» сөзімен алмастырып қолданған. Осы сөйлеу әрекеті арқылы КСРО құрамында болған елдердің арасында Қазақстан да болғаны және оған дейін аталған елдің төл ақшасы болмағаны жайлы ақпаратты оқырманға жеткізіп тұр. Қазіргі кезде осы қолданысты публицистикада «*Қызыл империяның*» шекпенінен шыққан, совет шекпенінен шыққан деп түрлендіру көбейген. Яғни окказионал бірліктен көпшілікке түсінікті тілдік бірлікке айналғанын көруге болады.

Окказионал сөздерден эмоционалды-экспрессивті және жақтырмау мәні болатынын да айта кеткен жөн. Мысалы демограф-ғалым М.Тәтімовтың «Ана тілі» газетінде (07.01.2011 ж.) жарияланған сұхбатында батыс елдеріндегі кейбір дүниелерді жақтырмайтыны анық байқалады. Ол журналистің: «*Демографиялық өсімнің қандай жауы бар?*», - деген сұрағына былай жауап қатады: «*Демографиялық өсімнің жауы – халықтың демографиялық мінез-құлқының батыстанып кетуі. Осыған орай айтылған «Батысқа барамын деп, батыстың батпағына батып кетпе!» деген сөзім бар. Қазіргі таңда батыстан демографиялық тұрғыдан алар үлгіміз шамалы. Себебі батыстың демографиялық мінез-құлқы бұзылған қазір*». Контекстегі окказионал тіркестің бойынан алдымен аллитерация құбылысын байқауға болады. Одан кейін автор *батыстың батпағы деп* ондағы қазақ менталитетіне сай емес дүниелерді меңзеген әрі *батып кетпе* етістікті тіркесін қолдану арқылы оқырманын «*батыстан үлгі алма*» деген әрекетке итермелеп отыр. Осы окказионалды сөз арқылы автор батысқа көзқарасы қандай екенін ашық көрсетіп тұр.

БАҚ-та жарияланған сұхбат әр түрлі тақырыпта болатыны белгілі. Бірі болып жатқан оқиғанын жай-жапсарын түсіндіру үшін, енді бірі сараптама жасау мақсатында сұхбат береді. Енді біріне журналистің өзі қолқа салады. Мысалы «Егемен Қазақстан» газетінің журналисі (04.07.2017 ж.) 2017 жылы «Қазақстан барысын» жеңіп алған Е. Ерғалиевті жеңісімен құттықтап әрі одан сұхбат алады. Сол сұхбатта журналист балуаннан әулетінде, ата-тегінде балуандар болған-болмағанын сұрайды. Сонда жеңімпаз: «*Күрестегі ең алғашқы бапкерім әкемнің ағасы болды. Сол кісі мені күреске апарып, осы спортқа баулыды. Күрестің алғашқы әліппесін де үйретті*», - деп жауап береді. Осы контекстегі күрестің *алғашқы әліппесі* деген сөзге ерекше назар аударуға болады. Автор ұстазы күрестің жай-жапсарын қалай үйреткенін «әліппе» сөзі арқылы әсірелей жеткізіп тұр. Әліппенің сөздіктегі анықтамасы мынадай: *Әліппе – оқу мен жазуды үйрететін бірінші кітап, тұңғыш оқулық*[8, 447]. Ал контексте автор қандай дүние болса да бәрі әліппеден басталатынын, оны үйрететін ұстаз міндетті түрде болатынын меңзеген.

Окказионал қолданыстар үнемі халық танымымен байланысты болады. Оны жасаушы автор да сол таным-түсініктен ауытқып кетпейді. Көркемдеу, әсірелеу арқылы қазақ халқына ортақ түсінікті қалыптастырады. Ал ол түсінік прагматикаға айналса, жеке автордың окказионал сөздері әдеби нормаға, жалпыға ортақ тіркеске айналады.

Бұл мақалада қазақ газеттерінде жарияланған сұхбаттарға талдау жасалып, окказионал сөздердің қолдануылу ерекшелігі анықталды. Талдаудан адамдардың үнемі қарым-қатынас пен сөйлеу әрекетіне ықпал етуші фактор екенін аңғардық. Ал БАҚ – адамдардың әрекетін іріктеп, саралап, өзге қоғамға жеткізуші және оны қоғам санасына сіңіруші құрал. Себебі БАҚ-та жарияланған сұхбаттарда сұхбат беруші немесе журналист өз ойларын көркем әрі ашық жеткізу мақсатында окказионал сөздерді қолданып, тұрақты сөз оралымдарын одан сайын құбылтып, эмоция-экспрессивтілігін күшейтіп, ерекше сөйленістер арқылы оқырманға әсер етіп отыр. Оған жоғарыда аталған *батпақ былық, қыңыр ниет, күрес әліппесі, домбыраны сөйлету, КСРО шекпені, батыстың батпағы* сынды тіркестер дәлел. Окказионал сөздердің мағынасы тек мәнмәтінде анықталады, ол авторлық қолданыс болғандықтан басқа сөйленісте, басқа мәтінде кездеспейді. Бірақ халық танымына етене жақын болса, жалпыға ортақ лексикалық бірлікке айналуы да мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мұратова Г. Қазақ ккркем әдебиетіндегі окказионал сөздер: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1991. – 145 б.
2. Еспекова Л. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1998. – 166 б.
3. Бейсенбай А. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар: филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты: 10.02.02. – Астана, 2008. – 29 б.
4. Сагадиева З. Окказионал сөздер интерпретациясына негіз болатын факторлар // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2014. – №3 (100). – 516-519 б.
5. Дроздов Р. Окказиональное словообразование в языке СМИ // Известия ВКПУ. – 2012. – №8 (72). – 93-95 с.
6. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т.55: Ғашықтық жырлар. – 384 б.
7. Сагадиева З., Бескемер А. Ағылшын тіліндегі ккркем шығармаларда кездесетін окказионал сөздерді қазақ тіліне аудару ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2017. – №3 (118). – 199-205 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ. Қалиев, С.Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 744 б.